



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 12 маусым

**Д. Ақышев – 2018 жылғы бес айда валюта нарығындағы ахуал
тұтастай алғанда тұрақты болды**

Инфляция ағымдағы жылғы бес айда 2,4% болды, бұл өткен жылдың осындай кезеңіндегі көрсеткіштерден төмен. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Астана қаласында өткен Үкімет отырысындағы «Әлеуметтік-экономикалық дамудың және республикалық бюджеттің орындалуының 2018 жылғы 5 айдағы қорытындылары туралы» сөйлеген сөзінде айтып берді.

Ол жылдық инфляция өткен жылдың соңындағы 7,1%-бен салыстырғанда мамырда 6,2%-ға дейін төмендегенін атап өтті. Осылайша, инфляция деңгейі 2018 жылға арналған 5-7%-дық нысаналы дәлізге сәйкес келеді.

«Инфляциялық күтулердің төмендеуі байқалады. Мамырда халық арасында жүргізілген пікіртерім нәтижелері бойынша бір жыл алға күтілетін инфляцияны сандық бағалау жыл басындағы 7,1% мәннен және сәуірдегі 6,3% мәннен төмендеп, 6% деңгейінде тұр», - деп түсініктеме берді Д. Ақышев.

Оның айтуынша, инфляциялық процестердің баяулауы және осы үрдістің орта мерзімді перспективада сақталуын бағалау базалық мөлшерлемені төмендетудің негізгі талаптарының бірі болып табылады. Ағымдағы жылдың басынан бастап ол төрт рет 10,25%-дан 9%-ға дейін төмендетілді.

«2018 жылғы бес айда валюта нарығындағы ахуал жалпы алғанда тұрақты болды. Ұлттық валютаның бағамын белгілейтін факторлар оңтайлы қалыптасты. Ағымдағы жылы теңге жылдың басынан бері бір АҚШ доллары үшін 333, 8 теңгеге дейін 0,4%-ға шамалы әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 318,3-334,0 теңге аралығында өзгерді», - деді Ұлттық Банк Төрағасы.

Қорытындылай келе Д. Ақышев Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері мамырдың соңында 31,2 млрд. АҚШ доллары, Ұлттық қордың активтері 59,2 млрд. АҚШ доллары болғанын атап өтті. Жалпы халықаралық резервтер жыл басынан бастап 1,4%-ға немесе 1,3 млрд. АҚШ долларына ұлғайып, 90,4 млрд. АҚШ долларын құрады.

**Д. Ақышев – Қазақстан Ұлттық Банкі экономиканы ұзақ мерзімді
кредиттеуді қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуде**

Сәуірдің соңында банктердегі депозиттер 17,1 трлн. теңге болды. Олардың құрылымында ұлттық валютамен депозиттер қаңтар-сәуірде 2,4%-ға 9,4 трлн. теңгеге дейін өсті, шетел валютасымен - 8%-ға 7,7 трлн. теңгеге дейін төмендеді. Нәтижесінде депозиттерді долларландыру деңгейі сәуірде 45%-ға жетті. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Астана қаласында өткен Үкімет отырысындағы «Әлеуметтік-экономикалық дамудың және республикалық бюджеттің орындалуының 2018 жылғы 5 айдағы қорытындылары туралы» сөйлеген сөзінде айтып берді.

Ол банктердің кредиттері сәуірдің соңында 12,7 трлн. теңге болғанын атап өтті.

Олардың құрылымында ұлттық валютамен кредиттер қаңтар-сәуірде 1,3%-ға 9,5 трлн. теңгеге дейін өсті, шетел валютасымен кредиттер 3,7%-ға 3,2 трлн. теңгеге дейін төмендеді.

«Ағымдағы жылғы төрт айда жаңа кредиттерді беру өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 27,7%-ға немесе 814,3 млрд. теңгеге ұлғайды. Кәсіпорындардың теңгедегі кредиттері бойынша орташа ставка 2017 жылғы желтоқсандағы 13,2%-дан 2018 жылғы сәуірде 12,2%-ға дейін төмендеді. Бұл 2014 жылдың соңынан бері мөлшерлеменің ең төмен мәні», - деді Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Д. Ақышевтың айтуынша, Мемлекет басшысының бастамаларын іске асыру шеңберінде Қазақстан Ұлттық Банкі экономиканы ұзақ мерзімді кредиттеуді қамтамасыз ету бойынша және ипотекалық кредиттеуді дамыту арқылы тұрғын үйді қолжетімді ету бойынша жұмыс істеуде.

«Банктердегі қор мерзімін ұзартатын құралдарды заңнамалық деңгейде енгізу жоспарлануда. Мысалы, жинақ депозиттерін енгізу банктерге барынша ұзақ және болжамды қорландыру береді», - деп атап өтті Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы.

Д. Ақышев ұзақ мерзімді кредиттеуді дамыту мақсатында банктер 200 млрд. теңгені 7-20-25 Бағдарламасының шеңберінде таяу жылы алатынын, оны ипотекалық кредиттеуге жұмсайтынын айтып берді. Болашақта сома 1 трлн. теңгеге жетеді, бұл банктердің ипотекалық портфелінің ағымдағы көлемін 2 трлн. теңгеге дейін екі есе көбейтуге мүмкіндік береді.

«Банктер 200 млрд. теңгені 5 жылға БЖЗҚ қаражатын банктердің облигацияларына инвестициялау бағдарламасы шеңберінде алады. Облигацияларды орналастыру нарық ойыншыларының міндетті тепе-тең қатысуын болжайтындықтан, банктер тарту сомасын екі есе көбейтеді. 1,2 трлн. теңге - Қалыпқа келтіру бағдарламасына қатысушы банктер беретін кредиттер сомасы. Бүгінгі күні 865 млрд. теңге қайта қаржыландырылды, оның ішінде 170 млрд. теңге сомаға жаңа кредиттер берілді. Қалыпқа келтіру бағдарламасының шеңберінде банктер 654 млрд. теңге мөлшерінде 15 жылға реттелген қарыз алды, ол таяу уақытта кредиттеуге жіберілуі мүмкін. Казкоммерцбанк Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын 1 трлн. теңгеге сатып алды. Бұл қаражатты банк кредиттеу үшін босатады», - деп түсініктеме берді Д. Ақышев.

Оның айтуынша, тұтастай алғанда, Банк секторының тұрақтылығын арттыру бағдарламасы, 7-20-25 бағдарламасы, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының облигациялық бағдарламасы шеңберіндегі жаңа қарыздарды қосқанда, банктердегі ұзақ қордың жалпы сомасы алдағы бір жарым-екі жылда 3,5 трлн. теңгеге ұлғаяды. Бұл көрсеткіштер бір жағынан, ұзақ кредиттік ресурстарды жеткілікті ұсынуды қамтамасыз етеді. Екінші жағынан – экономикадағы инфляциялық қысымның күшеюіне әкелмейді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz